

Азаттықтың айшығы – Ата Заң!

Төрағалықты түйіндеген форум

3-бет

Аңыз адам

6-бет

Коронавирустан көз жұмғандар көп

10-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№163 (30142) 30 ТАМЫЗ, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Төтенше жағдайға байланысты шұғыл жиналыс өткізді



Суретті түсірген А.ДУСЫБЕКОВ, Г.ОМІРКЕВ

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында болған жарылыстарға байланысты шұғыл жиналыс өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Жиынға Премьер-Министр, құқық қорғау, қорғаныс, қауіпсіздік және басқа да күштік құрылымдардың басшылары қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысында болған

төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. – Жамбыл облысының Байзақ

ауданында төтенше оқиға болды. Қарулы Күштеріміздің оқ-дәрісі сақталатын қойманың бірінен өрт шықты. Артынан бірнеше жарылыс болды. Жергілікті тұрғындар аман-есен. Өкінішке қарай, әскери қызметшілер мен құтқарушылар арасында адам шығыны бар. Олар қызметтік міндетін атқару барысында ерлікпен қаза тапты. Қайтыс болған

азаматтардың отбасыларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын. Жарақат алған адамдардың тезірек сауығып кетуін тілеймін, – деді Мемлекет басшысы. Президент қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсету бойынша нақты тапсырмалар берді.

(Соңы 2-бетте)

Телефон арқылы сөйлесті

Өзбек тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Өзбекстан басшысы Жамбыл облысында болған қайғылы да төтенше оқиғаға байланысты Қазақстан Президенті мен халқына көңіл айтып. Шавкат Мирзиёев қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қолдау мен жұбату сөздерін жеткізуді сұрап, зардап шеккендердің сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Әңгімелесу барысында тарап-тарап Ауганстандағы қазіргі жағдайға қатысты пікір алмасты.

Мемлекеттер басшылары екі-жақты және көпжақты деңгейде тығыз байланыстарды нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беруге мүдделі екендерін нақтылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституция күнімен құттықтауы

Құрметті отандастар!

Сіздерді Конституция күнімен құттықтаймын! Ата Заңымыз – қастерлі Тәуелсіздігіміздің сенімді тірегі. Конституция мемлекетіміздің заң жүзінде және саяси тұрғыдан демократия қағидаттары мен заң үстемдігін ұстанатынын айғақтайды. Сондай-ақ ұзақ мерзімді даму бағдарымызды айқындайды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен және тікелей аталысуымен әзірленген еліміздің бас құжаты әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріміздің және қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ауқымды реформаларымыздың берік тұғыры болып саналады.

Конституциямыздың ұлағатты ұстанымдары экономикалық дағдарыстарды батыл еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басуымызға жол ашады. Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін мызғымас құндылықтарға сүйене отырып, әділ мемлекет құрамыз. Басты мақсатымыз – халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру.

Ата Заңымыз ел бірлігін және адамның ар-ұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтын негіз деп, кемсітудің кез келген түріне тыйым салу арқылы ұлттымызды ұйыстырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес байлығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Тәуелсіздік рухы әрбір жолында көрініс тапқан Конституциямызға құрмет халқымызға тән отаншылдықтың арқауына айналып отыр. Баршаның зор денсаулық, бақ-береке және мол игілік тілеймін!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.Қ. Аймановқа «Халық қаһарманы» атағын беру туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасына сіңірген аса үздік еңбегі, қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ержүректігі мен жанқиярлығы үшін Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бастығының орынбасары Мейірган Қақпасынұлы Аймановқа (марқұм) «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 тамыз № 646

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы №1042 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамына енгізілсін:

Рогов Игорь Иванович – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының атқарушы директорының орынбасары, Комиссияның төрағасы (келісім бойынша);

аталған Комиссияның құрамынан Қ.С. Мусин шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 27 тамыз № 644

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі № 140 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі № 140 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына енгізілсін:

Әбдіров Нұрлан Мәжитұлы – Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары, төраға (келісім бойынша);

аталған Комиссияның құрамынан И.И.Рогов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 27 тамыз № 645

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін наградалын:

I дәрежелі «Айбын» орденімен

Қапезов Арман – Бас әскери прокуратураның Куанышұлы (марқұм) Оңтүстік аймақ әскери прокуроры

Микропуло Александр (марқұм) – Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі өрт сөндіру кезекші қызметінің жедел кезекшісі (өрт сөндіру жетекшісінің орынбасары);

III дәрежелі «Айбын» орденімен

Дәлібаев Оразбек – Қорғаныс министрлігі Дайраулы (марқұм) ведомстволық күзет командасының атқышы

Жанболатов Руслан – Қорғаныс министрлігі № 28349 әскери бөлімі өртке

Жүрсінбайұлы (марқұм)

Мешінбай Марат Сайлауұлы (марқұм)

Нәдірбеков Еркін Ерікбайұлы (марқұм)

Сандыбаев Елдос Қадырбайұлы (марқұм)

қарсы қорғаныс және құтқару жұмыстары әскери командасының маманы (өрт сөндірушісі)

– Қорғаныс министрлігі № 28349 әскери бөлімі өртке қарсы қорғаныс және құтқару жұмыстары әскери командасының маманы (механик-жүргізушісі)

– Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 3 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы

Темірболатов Арнұр Серікұлы (марқұм)

Төрбеков Тәңірберген Құдайбергеноұлы (марқұм)

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 тамыз № 647

ЖАНАЙҚАЙ

Жамбылдағы жарылыс – жайбарақаттық пен жауапсыздықтың ауыр зардабы

Екі жыл бұрын Арыста әскери қойма жарылғаны жадымызда. Енді, міне, Жамбыл облысындағы алапат жарылыстың салдарынан айдың-күннің аманьда 13 бірдей азаматымыздан айырылып қалдық.

Бану ӘДІЛЖАН, «Egemen Qazaqstan»

Апаттың зардабы қандай?

Ел аман, жұрт тынышта бүкіл елдің үрейін алған апаттар осымен тоқтай ма? Неге елімізде әскери қоймалар жарыла береді? Арыстағы апаттан сабақ алмаған құзырлы органдар не дейді? Жамбылдағы жарылыс қасақана жасалуы мүмкін

бе? Жарылғыш зат сақталғанын біле тұра, ол жаққа нәліктен әскери қызметшілер мен өрт сөндірушілер жіберілді? Қайғылы оқиғадан қаза болған азаматтардың артында аңырап қалған ата-аналары мен отбасыларын не деп жұбатамыз? Көре қызығы мен өмірі алда, тепсе темір үзетін жігіттердің ажалына кім жауапты?

(Соңы 9-бетте)



Кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды



Қасым-Жомарт Тоқаев Ядролық сынақтарға толық тыйым салу туралы шарт ұйымының басшысы Роберт Флойдты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы аустралиялық маманды Ядролық сынақтарға толық тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясының атқарушы хатшысы болып сайлануымен құттықтап, аталған ұйымның жұмысы Қазақстан үшін аса маңызды екенін атап өтті.

– Сіз – осы саладағы тәжірибелі, ядролық қарусыздану мәселелері бойынша танымал сарапшысыз. Біз сіздермен тығыз жұмыс істеуге бейбілдіміз. Қазақстан бұл ұйымның жақын

әрі сенімді серіктесі болып қала береді. Менің Әкімшілігім мен Үкімет Ұйымның жұмысын күшейту мақсатымен тығыз әрі тұрақты байланысып тұрады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Флойдтың Қазақстанға сапары Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні қарсаңында өтіп жатқанын атап өтті. Осыдан 30 жыл бұрын Семей полигоны жабылған болатын. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары ретінде Женевадағы жұмысының

тәжірибесін бөліскен Мемлекет басшысы әлемдік қоғамдастыққа ядролық қаруды тартпау және қарусыздану туралы кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды деді.

Роберт Флойд Мемлекет басшысының көрсеткен құрметіне ризашылығын білдірді.

– Ұйымның Дайындық комиссиясының хатшысы болып сайланғаннан кейін мен кездескен алғашқы Мемлекет басшысы – Қазақстанның Президенті болуының символдық мәні бар. Сондықтан бұл – мен үшін ерекше күн, – деді дипломат.

Роберт Флойд Семей полигонының аумағы мен Курчатовағы Ұлттық ядролық орталығынан алған әсерін бөлісті. Сондай-ақ жұмысының басым бағыттары, соның ішінде жастар мен ұйымның көрнекті қайраткерлерінің жұмыстарын ілгерілету туралы айтты.

Кездесу соңында тараптардың Қазақстанның ядролық қаруға қарсы бастамаларын ілгерілету мен Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт бойынша тығыз ынтымақтастыққа дайын екендігі айтылды.

Жаһандық қоғамдастықтың күш-жігерін жұмылдыру қажет

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцария Конфедерациясы Федералды Жиналысының Ұлттық Кеңесінің (төменгі палатасының) төрағасы Андреас Эбиді қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Швейцария – Қазақстанның Еуропадағы маңызды серіктестерінің бірі екенін айта отырып, олардың өнеркәсіп, «жасыл» экономика, ауыл

Швейцария – 2005 жылдан бері еліміздің экономикасына 27 миллиард доллардан астам инвестиция салған ең ірі үш инвесторының бірі. Біздің елде Glencore Xstrata, ABB, Philipp

дамуына екі елдің тығыз саяси байланыстары ықпал етеді деген пікірін білдірді. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Швейцария Президенті Гай Пармеландпен мазмұнды келіссөздер өткізгенін атап өтті.

Жемісті байланыстарды жалғастыру үшін Мемлекет басшысы келесі кездесуді биыл қараша айының соңында өткізуге дайын екенін білдірді.

Өз кезегінде Андреас Эби екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі даму деңгейін оң бағалап, оны парламентаралық байланыстар арқылы нығайтуға септесуге дайын екенін білдірді. Осыған байланысты «Қазақстан – Швейцария» парламентаралық ынтымақтастық тобының жұмысын жандандыру туралы келісімге қол жеткізілді.

Әңгімелесушілер Ауғанстандағы қазіргі жағдайға ерекше назар аударды. Тараптар бұл мәселе бойынша жан-жақты пікір алмасып, осы елдегі әскери-саяси және гуманитарлық жағдайдың шиеленісуіне алаңданушылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев 26 тамызда Кабул халықаралық әуежайында лаңкестік жасағандарды айыптап, террористік қауіпке қарсы тұру, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру, әлемдегі және Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін ғаламдық қоғамдастықтың күш-жігерін жұмылдыру қажет деген пікір білдірді.



Суреттерді түсіргендер: А. ДУКЕСИНАЕВ, А. СӨМІРГЕКОВ

шаруашылығы және қаржы саласындағы жоғары инновациялық әлеуетін атап өтті.

Қазақстан Президенті біздің елдің шикізаттық емес секторына Швейцария капиталы мен технологияларын тарта отырып, жана ірі жобаларды іске асыруға бейбілді екенін білдірді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл Қазақстан экономикасындағы швейцариялық бизнестің онысыз да берік позициясын одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Morris, Rieter, Schindler, Bühler, Leica, Nestlé, Roche, Novartis, Syngenta, Ammann Group және басқа да ірі швейцариялық компаниялар табысты жұмыс істейді.

Сонымен қатар Швейцариямен арадағы тауар айналымы былтыр 1,7 миллиард долларға жетіп, жалпы сауда серіктерінің арасында 11-орынға ілінген. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Швейцария арасындағы қарым-қатынастардың табысты

Төтенше жағдайға байланысты шұғыл жиналыс өткізді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мемлекеттік уәкілетті органдар қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсетудің барлық шараларын қабылдауы қажет. Жұмылдырылған барлық сала мамандарының жанкештілігінің арқасында жағдай бақылауға алынып, одан да көп шығынға жол берілмеді. Құтқарушыларға, дәрігерлерге, полицияға, прокуратура және әкімдік қызметкерлеріне алғыс айтамын. Дегенмен өрттің салдары қиынға соқты. Адамдар зарлап шекті. Көптеген азамат баспанасын тастап кетуге мәжбүр болды. Елді мекендердің инфрақұрылымына зақым келіп, бірқатар ғимарат қирап қалды. Осыған байланысты шұғыл шаралар қабылданды. Бірақ әлі де көп қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент орталық және жергілікті органдардың жұмысын дұрыс үйлестіру керек екенін айтты. Қажетсіз кедергілерді жойып, уақыт ұттырмай жедел қимылдауды, ең бірінші кезекте ауыл тұрғындарын өз үйлеріне қайтару шараларын қолға алуды тапсырды.

Тағы бір маңызды мәселе ретінде апаттың себептерін анықтау қажет екенін айтты. Бұндай жағдайлардың алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы екі жыл бұрын Арыста болған жарылысты еске алып, қару-жарақ қоймаларында әлі де шешілмеген түйінді мәселелердің бар екенін айтты. Президент Арыс оқиғасынан кейін арнайы тапсырма бергенін айтып, енді осы бағыттағы жұмыстарды жеделдетіп аяқтауды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысындағы төтенше оқиғаға

байланысты бірқатар шараларды шұғыл қолға алуды тапсырды.

– Бірінші. Төтенше жағдайдың салдарын жою үшін ведомстволарлық мемлекеттік комиссия құрылсын. Оған Премьер-Министрдің орынбасары Роман Васильевич Скляр басшылық етсін. Роман Васильевич, сізге қазір жиналыс аяқталған соң Жамбыл өңіріне шұғыл баруды тапсырамын. Жұмыстың басы-қасында болып, барлық шараларды оқиға орнынан ұйымдастырыңыз. Екінші. Қаза болған азаматтардың отбасыларына әлеуметтік қорғау және зарлап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шаралар қабылданын. Үшінші. Денсаулық сақтау министрлігі төтенше оқиға салдарынан жарақат алған азаматтарға жан-жақты медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырсын, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Бас прокуратура мен Ішкі

Жауапты қызметінде табыс тіледі



Сурет: Елбасының баспасөз қызметінің алаңы

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымы Дайындық комиссиясының атқарушы хатшысы Роберт Флойдты қабылдады, деп хабарлады Елбасының баспасөз қызметі.

Елбасы Р.Флойдты Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымы Дайындық комиссиясының басшысы болып сайлануымен құттықтап, жауапты қызметіне табыс тіледі.

– 29 тамызда Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойғаным отыз жыл болды. Содан бері біз ядролық қаруға қарсы талмай күрес жүргізіп келеміз. Қазақстан ядролық сынақтардың ауыртпалығын ба- сынан өткерген ел: мемлекетімізде бес жүзден астам жарылыс болып, көп адам зардап шекті. Біз полигонды жабумен қатар, көлемі жағынан дүниежүзіндегі төртінші ядролық арсеналдан бас тарттық. Мен биыл Ресей мен

АҚШ арасындағы Стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту және шектеу жөніндегі келісімнің ұзартылғанына қуаныштымын. Осы жылы Ядролық қаруға тыйым салу шарты күшіне енді. Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қол қойып, ратификациялаған елдердің қатары артып келеді. Бұл жұмыс жалғасын табады деп үміттенемін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның антиядролық бағыттағы күш-жігерін жоғары бағалағаны үшін ризашылығын білдірді.

– Біз ядролық қаруға қарсы күреске және ядролық сынақтарға тыйым салуға арналған барлық

іс-шараға атсалысып келеміз. Осы жұмысты жоғары бағалағандарыңыз үшін алғысым зор. Біздің ұсынысымыз бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Өз кезегінде Р.Флойд ядролық қарусыздану, ядролық қаруды тартпау, сондай-ақ атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану ісіне зор үлес қосқан көрнекті тұлғамен кездесу мүмкіндігіне ие болғаны үшін алғысын білдірді.

– Сіз Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты жүзеге асыруға ерекше ықпал еттіңіз. Сіздің қосқан үлесіңіз зор, оның әсері де мол, – деді Р.Флойд.

Кездесуде тараптар халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы қазіргі жағдай туралы пікір алды.

Қорғаныс министрімен сөйлесті

Елбасы Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Тұңғыш Президенттің баспасөз қызметі.

Әңгіме барысында Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасына Жамбыл облысы тұрғындарының

қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Байзақ ауданындағы төтенше жағдай салдарын жою

үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат берілді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті төтенше жағдай кезінде қаза болған адамдардың туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Төтенше жағдай салдарын жою өзекті

Нұрсұлтан Назарбаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Тұңғыш Президент – Елбасының баспасөз қызметі.

Әңгіме барысында Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Жамбыл облысы Байзақ

ауданындағы төтенше жағдайға байланысты өңір халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

бойынша атқарылып жатқан жұмыс жайында мәлімет ұсынылды.

Елбасы барлық зардап шеккен адамдарға көмек көрсетудің және төтенше жағдай салдарын жоюдың маңыздылығын атап өтті.

Көңіл айту жеделхаттары

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Жамбыл облысындағы әскери қоймада болған жарылыс салдарынан көп адамның қаза болуына өкеліп соқтырған қайғылы оқиғаға байланысты шет мемлекеттердің, үкіметтер мен халықаралық ұйымдардың басшыларынан көңіл айту жеделхаттары келіп жатыр, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннен, Қырғыз Республикасының Президенті Салыр Жапаровтан, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоннан,

Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкодан, Армения Президенті Армен Саркисяннан жеделхат келді. Сондай-ақ Ресей Федерациясының Премьер-Министрі Михаил

Мишустин, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Владимир Норов жеделхат жолдады.

Жеделхаттарда қаза тапқандардың отбасыларына көңіл айтылып, қолдау білдірілген. Сонымен қатар жарақат алған азаматтардың тезірек сауығып кетуін тілеген.

Көңіл айту жеделхаттары әлі де келіп жатыр.

Үкіметтік комиссия құрылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында Премьер-Министр Аскар Маминнің өкімімен 26 тамызда Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы өк-дәрі қоймасында орын алған өрт пен жарылыс салдарын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия құрылды.

Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен комиссия құрамына Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев, Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин, Ішкі істер министрінің орынбасары Мұрат Баймұқашев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму және басқа да орталық мемлекеттік органдардың вице-министрлері кірді.

Комиссия алдына залалды бағалау және өрт пен жарылыс салдарын жою, зақымдалған инфрақұрылымды қалпына келтіру, сондай-ақ зардап шеккендерге әлеуметтік қолдау шараларын көрсету бойынша міндеттер қойылды.